

Хаттама №1

Астана қ.

05.06.2024 ж.

Қатысқандар: мұғалімдер-30 адам, лагерьдегі оқушылар-340 адам

Күн тәртібінде


1. Өрт қауіпсіздігін сақтау және төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекеттер алгоритмі
2. Эвакуациялық оқу-жаттығулар

Азаматтық қорғаныс штабының басшысының көмекшісі, алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Тулеукулов Т.М. түсіндірме жұмысын жүргізді. Өз сөзінде сыныптарды аралап, лагерьдің оқушылары мен ұстаздарын өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерімен таныстырды.

- Егер мектепте өрт шықса, 101 немесе 112 өрт сөндіру қызметіне хабарласыңыз. Диспетчерге келесі мәліметтерді беруге дайын болыңыз: нақты мекенжайы (коше атауы, үй нөмірі, кіреберіс, қабат); өрт ошағының орны (дәліз, жертөле, шатыр); жағдай мен уақыт мүмкіндік берсе, кім қоңырау шалып жатқанын хабарлаңыз, телефон нөміріңізді айтыңыз және диспетчердің сұрақтарына жауап беріңіз; егер жарақат алғандар мен зардап шеккендер болса, олардың саны мен алған жарақаттарын сипаттаңыз; қажет болса, оқиға орнына келу жолдарын түсіндіріңіз.
- Токты ажыратыңыз.
- Оқушыларды түгіндеген бөлмелерден сыртқа шығарыңыз. Терезелер мен есіктерді жабыңыз.
- Көрші кабинеттерге өрттің таралу мүмкіндігі туралы хабарлаңыз. Әрекеттер дүрбелең тудырмауы керек.
- Оқушыларды үй-жайлардан шығарып, ықтимал эвакуация туралы ескерту қажет.
- Дәліздердің кіреберістегі автоматты өрт қауіпсіздігі жүйесін іске қосыңыз. Егер өрттің ауқымы өртті басқаруға мүмкіндік берсе, өртті өз күшіңізбен сөндіруге тырысуға болады. Ол үшін қолда бар өрт сөндіру құралдарын пайдалану қажет: өрт сөндіргіштер, өрт қрандары, су құбырынан су шашу, мақтадан жасалған көрпемен өрт ошағына ауаның кіруін тоқтату.


Екінші мәселе бойынша әр кабинетте орналасқан топтардың эвакуациялану жолдары таныстырылып, оқу-жаттығу өткізілді. Оқу-жаттығу кезіндегі іс-қимылдарға тоқталып, практикалық жұмыс жүргізілді.

Алғашқы әскери дайындық мұғалімі:



Тулеукулов Т.М.

Хатшы:



Куатбаева А.А.